

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 сәуірдегі N 404 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 қарашадағы N 1127 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 шілдедегі N 633 Қаулысымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.07.26. N 633 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер мен ұйымдардағы қатысудың мемлекеттік үлестеріне кіріс туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 сәуірдегі N 404 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 18, 184-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін :

1 ) 1 - т а р м а қ т а :

2) тармақшадағы "акцияларының жүз пайызы" деген сөздерден кейін "немесе бақылау пакеті" деген сөздермен толықтырылсын;  
мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі белгіленген тәртіппен "Хабар" агенттігі" акционерлік қоғамы акционерлерінің жылдық жалпы жиналыстарын өткізген кезде 2004-2006 жылдардың қорытындысы бойынша таза кірістің 10 (он) пайызын дивидендтер төлеуге бағыттау үшін барлық қажетті шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін";

2) көрсетілген қаулыға 3-қосымшада:  
тақырыбындағы "жүз пайызы" деген сөздерден кейін "немесе бақылау пакеті" деген сөздермен толықтырылсын;  
мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 6-жолмен толықтырылсын:

"6. "Хабар" агенттігі" АҚ".

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

